

Хаттама №4

«23» желтоқсан 2025 жыл

2025 жыл 23 желтоқсан күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

2025 жылдың желтоқсан айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т.Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссөз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2025 жылдың желтоқсан айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз.

Мектептегі 429 оқушының 205 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде бастауыш сынып бойынша 1-4 сыныптар аралығында 175 білім алушы, 5-11 сынып бойынша 30 білім алушы мектеп асханасынан бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылады. Екі апталық бекітілген мәзір бойынша тамақ беріледі. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді.

А.Қабдолова (комиссия мүшесі)


Мектеп асханасына ыстық тамақтың берілісін бақылау бойынша жұмыстары жүргізілді. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс-аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуын және тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Қоймадағы, тоңазытқыштағы тағамдардың орналастырылуы да қаралды. Тамақтардың сертификаттары тексерілді, түгел.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:


1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбичесі Г.Шойынбайқызына міндеттелінсін.
2. Желтоқсан айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.


Т.Калиева  Комиссия төрайымы, мектеп директоры


Комиссия мүшелері:


А.Жазықбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Шоқан  Қамқоршылық кеңес мүшесі

А.Қабдолова  Ата-ана

Г.Өтепова  Ата-ана

Г.Шойынбайқызы  Мектеп медбичесі

А.Амантайқызы  Әлеуметтік педагог